

Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 мамырда № 15173 болып тіркелді.

Ескерту. **Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 25) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Д. Ахмед-Заки) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қаастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

E. Сагадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 204 бұйрығымен
бекітілген

Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 13.04.2021 № 162 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 25) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) (бұдан әрі – Ұлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді және ұлттық бірыңғай тестілеуді (бұдан әрі – ҰБТ) өткізу тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 №

156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы қагидаларда мынадай ұйымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық парақ – таңдаған бейіндік пәндер комбинациясына сәйкес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Ұлттық тестілеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Ұлттық тестілеу орталығы) сайтында жарияланатын парақ;

2) арнайы пән – қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының арнайы пәндері бойынша білімі мен құзыретті бағалауға бағытталған пән;

3) ахуалдық орталық – ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындастын ұйымда орналасқан, қағаз және электрондық форматтағы ҰБТ өткізу процесін бақылау үшін коммуникация құралдарымен жабдықталған зал;

4) базалық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) – ҰБТ-ны өткізууді жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ-лар;

5) базалық ЖЖОКБҰ-лардың қабылдау комиссиясы – ҰБТ-ны өткізууді жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ жанынан құрылған комиссия;

6) бейіндік пән – таңдаған оқу бейініне сәйкес терең академиялық білімнің тұрақтылығын анықтайтын пән саласындағы білім мен құзыретті барынша толық бағалауға бағытталған оқу пәні;

7) жалпы кәсіптік пән – қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының жалпы кәсіптік пәндері бойынша білім мен құзыретті бағалауға бағытталған пән;

8) жауап парагы – түсуші тест тапсырмаларының жауаптарын белгілейтін ҰБТ нәтижелерін бағалауға арналған арнайы бланк;

9) жауап параптери – тестілеу нәтижелерін бағалауға арналған құжат болып табылмайтын ҰБТ-дан кейін балдарды өз бетінше санауға арналған бланк;

10) желілік ЖЖОКБҰ-лар – ЖЖОКБҰ-ларға түсу мәселелері бойынша консультация беруді жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ-лар;

11) желілік ЖЖОКБҰ-лардың қабылдау комиссиясы – ЖЖОКБҰ-ларға түсу мәселелері бойынша консультация беруді жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ жанындағы комиссия;

12) қағаз форматтағы ҰБТ – әрбір тестіленушіге сұрақ кітапшасын және жауап параптын беру жолымен жүргізілетін тестілеу;

13) нұсқаларды тарату парагы – қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша даярлықтың ұқсас бағыттарына түсушілер үшін кітапша

нұсқасының аудиториядағы белгілі бір орын нөміріне бекітілгендігі туралы ақпаратты қамтитын парапа;

- 14) отырғызу парагы – түсушілерді аудиторияда орындар бойынша бөлу парагы;
- 15) тестілеу администраторы – Ұлттық тестілеу орталығы айқындайтын ҰБТ өткізу пунктінде ҰБТ-дағы тәртіп сақтауға бақылау жасауды жүзеге асыратын жауапты тұлға;
- 16) ҰБТ – ЖЖОКБҰ-ға түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны;
- 17) ҰБТ өткізу пункті (бұдан әрі – ҰБТӨП) – тестілеуді өткізу үшін Ұлттық тестілеу орталығының жаңынан құрылған аймақтық тестілеу орталығы;
- 18) шекті балл – республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға немесе ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға түсуге жол беретін әрбір пән бойынша және тестілеудің барлық пәндері немесе пәндері бойынша және білім берудің жекелеген салалары мен ЖЖОКБҰ-лар бойынша Ұлгілік қағидаларда белгіленген балдардың ең төменгі сомасы ;
- 19) электрондық сертификат – Ұлттық тестілеу орталығының сайтында орналастырылған ҰБТ балдарын ресми растайтын үміткердің бірегей деректері бар электрондық құжат (бұдан әрі - сертификат);
- 20) электрондық форматтағы ҰБТ – әрбір тестіленуші үшін компьютерді пайдалану жолымен өткізілетін тестілеу;
- 21) тіркеу файлы (лог) - хронологиялық тәртіпте тестіленушінің әрекеттері туралы жазбалар бар файл.

Ескерту. 2-тармақ жана редакцияда - КР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – КР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

3. ҰБТ:

- 1) қалауы бойынша ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру үйымдарының бітіруші 11 (12) сынып оқушыларына;
- 2) қалауы бойынша республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін немесе республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін орта білім беру үйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілеріне;
- 3) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру үйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының бітірушілеріне;

4) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін жоғары білімнің қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне;

5) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін мен шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарға;

6) ЖЖОКБҰ-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылдау үшін ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл алмаған, ҰБТ нәтижелері жойылған, бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар тұлғаларды құнтізбелік жылы ақылы негізде одан әрі қабылдау үшін;

7) ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғаларға өткізіледі;

8) ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде басқа білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғаларға өткізіледі.

4. Қағаз және (немесе) электрондық форматтағы ҰБТ-ға қатысу үшін мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ҰБТ-ға өтініш берудің бағдарламалық жасақтамасына жүктейді және көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар үшін ҰБТ шеңберінде тапсырылатын пәндердің мұғалімі болып табылмайтын көмекші және (немесе) көру функциялары бұзылған мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар үшін ындау тілін білетін маманның көмегі қажет екенін қосымша көрсетеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы реңсми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

5. ҰБТ қағаз немесе электрондық форматта Ұлттық тестілеу орталығымен ЖЖОКБҰ базасында немесе базалық ЖЖОКБҰ-да немесе Ұлттық тестілеу орталығы айқындастын ұйымдарда өткізіледі.

ҰБТ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдау (қағаз және электрондық форматта) Ұлттық тестілеу орталығының www.testcenter.kz сайты арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарының тұсушілерін қоспағанда, тұсушілер Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі) және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырады

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары топтары бойынша даярлаудың ұқсас бағыттарына тұсушілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар Оқу сауаттылығы (оқу тілі) және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарына тұсуші адамдар Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша ҰБТ тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарына тұсуші Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар Оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша ҰБТ тапсырады.

Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына тұсушілерді қоспағанда, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша даярлаудың ұқсас бағыттарына тұсетін адамдар, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар ҰБТ-ді жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының ұқсас бағыттарына оқуға тұсуші адамдар, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін ҰБТ арнайы пән бойынша өткізіледі.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламалары тобына аудиторияның қоспағанда, шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына аудиоформалдануши міндеттес білдірген тұлғалар екі бейіндік бойынша ҰБТ тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарынан аудиторияның қоспағанда, басқа білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру

бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі) және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.06.2024 № 318 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

7. ҰБТ-ны қазақ немесе орыс тілдерінде тапсыратын, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша даярлаудың ұқсас бағыттарына түсушілерді қоспағанда, түсушілер ҰБТ-ны қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде тапсырады.

Бұл ретте ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсыратын оқуға түсушілер үшін Қазақстан тарихы бойынша тестілеу өз қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

8. Алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

9. Алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

10. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының ұқсас бағыттарына оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін ҰБТ тест тапсырмаларының саны:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша – 20;
- 2) математикалық сауаттылық бойынша – 10;
- 3) оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша – 10;
- 4) бірінші бейіндік пән бойынша – 40;
- 5) екінші бейіндік пән бойынша – 40.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары топтары бойынша даярлаудың ұқсас бағыттарына түсетін адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін ҰБТ тест тапсырмаларының саны:

- 1) оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша – 10;
- 2) бірінші бейіндік пән бойынша – 40;
- 3) екінші бейіндік пән бойынша – 40.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары топтары бойынша даярлаудың ұқсас бағыттарына түсетін адамдарды қоспағанда,

Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсуші Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін Оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша ҰБТ тест тапсырмаларының саны – 10.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ақылы негізде ауысуға ниет білдірген тұлғалар үшін ҰБТ тест тапсырмаларының саны:

- 1) бірінші бейіндік пән бойынша – 40;
- 2) екінші бейіндік пән бойынша – 40.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.06.2024 № 318 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-1. Көру аппаратының функциялары бұзылған мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар үшін ҰБТ пәндерінің тест тапсырмаларының нұсқалары схемасыз, кестесіз, суретсіз, картасыз қалыптастырылады.

Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ-ның тест тапсырмаларының саны:

- 1) жалпы кәсіптік пән бойынша - 20;
- 2) арнайы пән бойынша - 40.

Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеудің жалпы кәсіптік және арнайы пәндері көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі осы бұйрыққа 2 қосымшаға сәйкес белгіленеді.

12. Шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін (ағылшын) менгергенін растайтын: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) халықаралық сертификаттары бар адамдар өз қалауы бойынша "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пән бойынша тестілеу тапсырудан Үлгілік қағидалармен бекітілген балл аудару шкаласына сәйкес бейіндік пәнді немесе ағылшын тілі бойынша "Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәнін тапсырудан өз қалауы бойынша босатылады.

Шет тілін (ағылшын тілін) менгергенін растайтын халықаралық сертификаттары TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ). IELTS (АЙЛТС) бар тұлғалар ҰБТ-ға және/немесе конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде мәліметтерді енгізуі қажет.

Ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығын республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру конкурсына өтініш берген немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде ЖЖОКБҰ тексереді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

12-1. Қазақ тілін B1 (орта) деңгейден төмен емес менгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар қалауы бойынша ҰБТ-ның "Қазақ тілі" бейіндік пәнінен немесе арнайы пәнінен тест тапсырудан босатылады және Үлгілік қағидалардың 4-2 тармағына және 2-2-қосымшасында белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатыса алады және (немесе) ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдана алады.

Ескерту. 1-тaraу 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.06.2024 № 318 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

13. SAT - ЭсЭйТи (Scholastic Assessment Test), ACT – ЭйСиТи (American College Testing), IB - АйБи (International Baccalaureate), A Level (Э-Левел) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша халықаралық стандартталған тестілеудің нәтижелері мен шекті балдары бар пәндер бойынша ҰБТ тапсырудан босатылады және Үлгілік қағидаларға сәйкес білім беру грантын беру конкурсына қатыса алады және (немесе) ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдана алады. SAT балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) SAT reasoning (ризонинг) және SAT subject (сабджект) сертификатары болған жағдайда. Бұл ретте тұсуші Қазақстан тарихы пәні бойынша ҰБТ тапсырады.

2) SAT reasoning сертификаттары болған жағдайда. Бұл ретте тұсуші Қазақстан тарихы және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырады.

ACT балдары Қазақстан тарихы пәні бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда ауыстырылады.

IB және A Level балдары Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы пәндері бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда ауыстырылады.

SAT subject (сабджект), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи) және и A Level (Э-Левел) сертификатарының біреуі бар тұлғалар үшін бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ҰБТ балдарына ауыстырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін және республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде қабылдау кезінде SAT, ACT, IB және A-Level халықаралық стандартталған тестілерінің сертификаттары бар адамдарға балл Үлгілік қағидалардың 4-1-тармағына және 2-1-қосымшасына сәйкес (оку сауаттылығы бойынша) есептеледі, бұл ретте SAT reasoning сертификатының балдары ғана ескеріледі.

SAT, ACT, IB және A-Level, TOEFL ITP, TOEFL IBT, IELTS халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар қағаз форматтағы ҰБТ үшін осы Қағидалардың 20-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мерзім аралығында және электрондық форматтағы ҰБТ үшін осы Қағидалардың 74-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мерзім аралығында ҰБТ-ға өтініштер қабылдау базасына мәліметтер мен сертификаттардың көшірмелерін (SAT, ACT, IB, A-Level үшін) енгізуі қажет.

ҰБТ-ға өтініштер қабылдау аяқталғаннан кейін Ұлттық тестілеу орталығы күнтізбелік жылдың 12 маусымына дейін SAT, ACT, IB және A-Level халықаралық стандартталған тестілерінің сертификаттары бар адамдардың тізімін және олардың сертификаттарының көшірмелерін қарастырады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары тексереді.

Халықаралық стандартталған тест балдарын ҰБТ балдарына ауыстырғаны туралы шешімі шығарылғаннан кейін өтініш берушінің сертификаты Ұлттық тестілеу орталығының сайтында және түсушінің жеке кабинетінде (www.testcenter.kz) орналастырылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-1. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының білім беру бағдарламалары бойынша оқуларын аяқтаған бітірушілерге ҰБТ сертификаттары Үлгілік қағидалардың 4-3-тармағына және "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымы бітірушілерінің оқудағы нәтижелерінің сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы 2-3-қосымшаға сәйкес оку нәтижелерінің сырттай бағалау балдарын ҰБТ-ның балдарына ауыстыру негізінде беріледі.

Ескерту. 1-тaraу 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.06.2024 № 318 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ҰБТ бойынша ең жоғары балл – 140 балл.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсетін тұлғалар үшін ҰБТ бойынша ең жоғары балл – 130 балл.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары топтары бойынша даярлаудың ұқсас бағыттарына түсетін адамдарды қоспағанда, шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсуші Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін ҰБТ бойынша ең жоғары балл – 110 баллды құрайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Гылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.06.2024 № 318 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ бойынша ең жоғары балл - 70 балл.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін және шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ бойынша ең жоғары балл – 70 балл.

16. Түсушіге ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш білдіріп, көрсетілген күні тестілеуге қатыспаған болса, сондай- ақ өтініштерді қабылдау кезеңінде ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш бермегендеге тестілеу өткізілетін күндері аудиторияда (қағаз форматта тестілеу тапсыру тіліне сәйкес) орын болған жағдайда және келесі дәлелді себептер бойынша ҰБТ-ны өткізу кезеңінде келесі күндердің бірінде қатысу мүмкіндігі беріледі:

1) денсаулық жағдайы бойынша "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 026/у нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы не амбулаториялық картадан немесе тестілеу өткізілетін күнмен сәйкес келетін ауру тарихы көрсетілген үзінді көшірмесімен медициналық карта болған кезде;

2) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 1-бабының 13) тармақшасына сәйкес айқындалған жақын туыстарының қайтыс болуын растайтын құжаттар тізбесі болған кезде;

3) "Жалпы білім беретін пәндер бойынша респубикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7355 болып тіркелген) респубикалық және халықаралық олимпиадалар мен жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурстарына (ғылыми

жарыстар), орындаушылар конкурстарына, кәсіби шеберлік конкурстарына және спорттық жарыстарға қатысқан кезде;

4) төтенше жағдайлар кезінде.

Бұл ретте:

қағаз форматтағы ҰБТ кезінде түсуші тиісті құжаттарын қоса бере отырып, мемлекеттік комиссия төрағасының атына ҰБТ-ны қайта тапсыруға өтініш береді;

электрондық форматтағы ҰБТ кезінде түсуші тиісті құжаттарын қоса бере отырып, Ұлттық тестілеу орталығы директорының атына ҰБТ-ны қайта тапсыруға өтініш береді

Ескеरту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 03.07.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.07.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бүйректарымен.

17. Ұлттық тестілеу орталығы айқындайтын ұйымда ҰБТ өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін тестілеу әкімшілері, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның, басқа да мұдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволардың қызметкерлері, азаматтық қоғам институттарының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатарынан байқаушылар жіберіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.

18. ҰБТ тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асырылады:

1) бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен бағаланады;

бір немесе бірнеше дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады;

2) бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (үш дұрыс жауаптан артық емес) және сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмаларында:

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында тек бір дұрыс жауапты не екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады.

Контекст негізіндегі тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асыралады:

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен бағаланады;

бір немесе бірнеше дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Қысқартылған оқу мерзімі көзделген білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асырылады:

1) бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен бағаланады;

бір немесе бірнеше дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады

2) бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (үш дұрыс жауаптан артық емес) тест тапсырмаларында:

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

бір дұрыс жауабы бар екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында а екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

2-тaraу. Қағаз форматтағы ҰБТ өткізу тәртібі

1-параграф. Қағаз форматтағы ҰБТ-ға қатысу үшін құжаттар қабылдау

20. ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес немесе "Білім беру үйимдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 қазандығы № 502 бүйрекімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 502 бүйрек) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгіде келесі мерзімдерде:

1) құнтізбелік жылғы 1 және 15 желтоқсан аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 6) және 7), 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін;

2) құнтізбелік жылғы 1 және 15 ақпан аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 1) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін;

3) құнтізбелік жылғы 1 мен 30 сәуір аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін;

4) құнтізбелік жылғы 1 сәуір мен 5 мамыр аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін;

5) күнтізбелік жылғы 25 шілде мен 1 тамыз аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 2), 3), 5), 6) және 7), 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін өткізіледі.

Ескерту. 20-тармақта орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Базалық және желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссияларының құрамы ЖЖОКБҰ бірінші басшысы мен немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен бекітіледі.

Желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясының функциялары:

тұсушілерге таңдаған жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша консультация беру, тестілеу рәсімімен таныстыру және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таңдаған бейіндік пәндер комбинациясына сәйкес ақпараттық парақтарды беруді қамтамасыз ету.

Базалық ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясының функциялары:

1) желілік ЖЖОКБҰ-ның техникалық хатшылары мен жауапты хатшыларына кеңес беруді үйымдастыру;

2) тұсушілерді таңдаған жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша кеңес беру, тестілеу рәсімімен таныстыру;

3) тестілеу өткізу үшін аудиториялық қорды қалыптастыру;

4) тестілеуге техникалық жабдықтардың жұмысын үйымдастыру және қамтамасыз ету;

5) бейіндік пәндердің таңдалған комбинациясына сәйкес ақпараттық парақтарды беруді қамтамасыз ету.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Қағаз форматтағы ҰБТ өткізу процесі

29. ҰБТ-ға 4 сағат беріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ-ға 2 сағат беріледі.

30. ҰБТ өткізілетін корпустарда тестілеу күндегі тестілеу үшін пайдаланылмайтын барлық аудиториялар, кабинеттер, бөлмелер (әжетхана бөлмелерінен басқа), сондай-ақ түсушілердің кіру және шығу есіктерінен басқа барлық кіру есіктері жабылып, мөрленеді. Ғимараттың сыртында орналасқан әжетхана бөлмелеріне апаратын жол мен аумаққа бөтен адамдардың кіруі шектеледі.

31. ҰБТӨП-ке кіруге арналған есіктер бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте өткізу барысы, сонымен қатар тестілеуден кейінгі пайдаланылған кітапшалар сақталған бөлменің бейнебақылау жазбасы ҰБТ аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Ұлттық тестілеу орталығының мұрағатына тапсырылады.

ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін Ұлттық тестілеу орталығы тестілеу кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады.

ҰБТ-да Қағидалардың 32 және 51-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттарды пайдаланғандығы анықталған жағдайда Ұлттық тестілеу орталығы тестілеу барысында тыйым салынған затты пайдаланғаны туралы акт жасайды және растайтын материалдарымен бірге ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Тестілеу барысында тыйым салынған затты пайдаланғаны туралы акт және растайтын материалдар ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен құрылған комиссияның қарауына ұсынылады.

Комиссияның шешімімен тестілеу нәтижелері (ҰБТ балдары), сондай-ақ республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беруге арналған конкурстың нәтижелері (білім беру грантын беру туралы куәлік) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен, жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беруге арналған конкурстың нәтижелері жергілікті атқарушы органның қаулысымен күнтізбелік жыл бойына нәтижелері жойылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. ҰБТ-ны қағаз форматта өткізген кезде түсушілер ҰБТӨП ғимаратына бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте түсушінің жеке басын көлемдік-кеңістіктік нысандағы сканер арқылы сәйкестендіру жүргізіледі және жеке басын куәландыратын құжат не түсушінің

цифрлық құжаттар сервисінен алғынған электрондық құжаты ұсынылады. Он алты жасқа толмағандар осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орта білім беру үйімін ағымдағы жылы аяқтайтыны туралы анықтама береді.

Тестілеуге кіргізу кезінде қолды және рамалық типтегі металл іздегіштер қолданылады. Тестілеуге кіргізу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеуді өткізу кезінде түсушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың ғимаратқа мынадай тыйым салынған заттарын: фотоаппарат, ақпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған кез келген үялды байланыс құралдарын (пейджер, үялды телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуки, плейерлер, модемдер (мобиЛЬДІ Роутерлер), смарт сағаттар, смарт көзілдірік, фитнес білезіктер (трекерлер), диктофон, сымды және сымсыз құлаққаптар, микрокұлаққаптар, сымсыз бейнекамераларды, GPS (ДжипиЭс) навигаторларды, GPS (ДжипиЭс) трекерлерді, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ мынадай стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжисиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйЧЭФ), UHF (ЮЭйЧЭФ), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжипиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кірмеу үшін жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, мынадай заттарды тестілеу ғимаратына кіргізуге тыйым салынады: шпаргалкалар, оку-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, барлық түрдегі және нысандағы қағаздар.

Тестілеуге кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде осы тармақта көрсетілген тыйым салынған заттар табылған жағдайда, тестілеу әкімшісі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰБТ өткізу пункттерінің ғимаратына кіреберісте, металліздегіш құралды қолдану кезінде тестілеуге тыйым салынған заты табылған түсушіні ғимараттан шығару туралы Акт жасайды және түсуші осы тестілеуге жіберілмейді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. ҰБТ өткізу үшін жергілікті жерлерде құрамы ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен бекітілетін ҰБТ ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиялар (бұдан әрі – мемлекеттік комиссиялар) құрылады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Мемлекеттік комиссияның төрағасы болып ҰБТ-ны ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін, сонымен қатар металліздегіштер, аудиторияның (компьютерлік сыйыптың) ауданына сәйкес рұқсат етілген магниттік толқындар шегінде радиоэлектрондық және үялды байланыс сигналдарын өшіретін және бейнебақылау

құралдарын қолдануды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының басшылары немесе қалалық, аудандық білім бөлімдерінің (басқармаларының) басшылары тағайындалады

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - КР Білім және ғылым министрінің 03.06.2021 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Мемлекеттік комиссияның құрамына облыстар немесе республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің өкілдері, құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат қуралдарының өкілдері кіреді.

Бұл ретте мемлекеттік комиссия құрамына құнтізбелік жылы жақын туыстыры Кодекспен белгіленген ҰБТ тапсыратын адамдардың туыстары кірмейді.

Мемлекеттік комиссия мүшелерінің саны бес адамды құрайды. Мемлекеттік комиссияның шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелер санының жай көвшілік даусымен қабылданады және отырыс хаттамаларымен ресімделеді, оған білім беру ұйымдарының немесе білім (басқармаларының) бөлімдерінің білікті қызметкерлері қатарынан тағайындалатын төраға мен хатшы қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып саналады.

Мемлекеттік комиссия:

1) ҰБТӨП-те немесе базалық ЖЖОКБҰ-да тестілеу өткізу үшін аудиторлық қорды бекітеді;

2) құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлесіп, тестілеу өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіптің сақтауын қамтамасыз етеді;

3) тұсушілерді тестілеуге кіргізуді ұйымдастырады;

4) тестілеуге кіргізу барысында металл іздегіштерді пайдалануды және қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады;

5) "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № КР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) 38-қосымшаға сәйкес аудиторияның (компьютерлік сыныптың) ауданына сәйкес рұқсат етілген магниттік толқындар шегінде ұтқыр және радиоэлектрондық байланыс сигналдарын беретін құрылғыларды пайдалануды, сондай-ақ электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасын алуды ұйымдастырады;

6) ҰБТ өткізу кезінде кезекшілермен және медициналық қызметкерлермен жұмысты ұйымдастырады;

7) тестілеу материалдары салынған қантарды ашу процесіне қатысады;

8) тестілеуге кіргізу кезінде тұсушілерден металліздегіштермен тексеруге дейін алынған тыйым салынған заттарды сақтауды қамтамасыз етеді;

9) көру қабілеті, тірек-қозғалыс аппаратының функциялары, есту қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балалар үшін мүгедектігі туралы

белгіленген құжатты көрсеткен жағдайда ҰБТ шеңберінде тапсырылатын пән мұғалімі болып табылмайтын немесе ымдау тілін менгерген маман беруді ұйымдастырады;

10) дұрыс жауаптар кодтарының және ҰБТ нәтижелерінің (апелляцияны есепке алмағандағы және алғандағы) жалпы шолу үшін ұсынылуын ұйымдастырады;

11) апелляциялық комиссияның жұмысы үшін жағдай жасайды;

12) мемлекеттік комиссия мүшелерімен, жергілікті атқарушы органдармен және ЖЖОКБҰ-мен бірлесе отырып, тестілеу әкімшілерінің, тұсушілердің және басқа да ҰБТ ұйымдастыру және өткізу кезінде жұмылдырылған тұлғалардың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және санитариялық-профилактикалық шараларды жүзеге асырады;

13) кезекшілер құрамын бекіту және оларға нұсқаулық өткізу;

14) тестілеуде қолданылған кітапшаларды бейнебақылау жүргізілетін бөлмеде жойылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

15) тестілеу процесінің бейнебақылау жазбаларының сақталуын және толықтығын, сондай-ақ бейнежазбалардың түсірілуін қамтамасыз етеді. Ұлттық тестілеу орталығына бейнежазбаларды жібергеннен кейін бейнежазбалардың көшірмелерін құнтізбелік жыл ішінде сақтауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 35-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 03.06.2021 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 26.07.2022 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.

36. Базалық және (немесе) желілік ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы тұсушілерден құжат қабылдауды электрондық кезекпен жүзеге асырады, ҰБТ-ға өтініш толтыру бойынша кеңес береді, тұсушілерді құжаттардан көшірме жасайтын құрылғылармен, олардың және оларды алып жүрушілеріне күту орнымен, ауыз сумен қамтамасыз етуі қажет.

Өтінішті тұсуші өзі толтырады және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тексереді.

37. Қағаз форматтағы ҰБТ келесі мерзімдерде:

1) құнтізбелік жылғы 20 қаңтар мен 5 ақпан аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 6) және 7), 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін;

2) құнтізбелік жылғы 26 және 31 наурыз аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 1) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін;

3) құнтізбелік жылғы 20 маусым бен 5 шілде аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін;

4) құнтізбелік жылғы 17 және 20 тамыз аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 2), 3), 5), 6) және 7), 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін өткізіледі.

38. ҰБТ-ны қағаз форматта өткізген кезде түсушілер аудиторияға бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте түсушінің жеке басын көлемдік-кеңістіктік нысандағы сканер арқылы сәйкестендіру жүргізіледі және жеке басын куәландыратын құжат не түсушінің цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты ұсынылады. Он алты жасқа толмағандар осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орта білім беру ұйымын ағымдағы жылы аяқтайтыны туралы анықтама береді.

Түсушінің жеке басын сәйкестендіргеннен кейін аудиторияға кіргізуіне тыйым салынған заттардың, кез келген электрондық құрылғылардың (оның ішінде байланыс қуралдары), баспа және қолжазба материалдарының бар-жоғына тексеру жүргізіледі.

Тыйым салынған заттарды аудиторияға алып кіруге әрекет жасағаны немесе академиялық адалдығына құмән келтіретін әрекет белгілері анықталған жағдайда, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасалады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Тестілеуге кіргізу барысында бөгде адам анықталған жағдайда тестілеу администраторы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуге жіберу барысында бөгде тұлғаны анықтау актісін жасайды, түсуші осы тестілеуге кіргізілмейді.

Тестілеу барысында өз орнына "бөтен тұлғаны" кіргізуге талпынған түсушілерге ағымдағы жылы ҰБТ тапсыруға рұқсат етілмейді.

40. Тестілеу өткізілетін күні таңертен тестілеу администраторы отырғызу парагын басып шығарады.

41. Түсушілер осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырғызу парагындағы нөмірге сәйкес орын алады, ол түсушілердің отырғызыу орнының нөмірі бойынша сұрыпталады.

42. Түсушілер отырғызылғаннан кейін тестілеу администраторы түсушілерге тестілеу материалдарымен жұмыс істеу ережелерін түсіндіреді. Одан әрі тестілеу администраторы аудиториядан үш түсушінің қатысуымен тестілеу материалдары бар қорапты ашуды ұйымдастырады. Шақырылған түсушілер қораптағы мөрдің бүтіндігін тексереді. Осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тестілеу материалдарын ашу туралы актісі жасалып, қорап ашылады және қораптағы тестілеу материалдары саналады.

43. Бірінші кезекте жауап параптартары мен жауап параптартарының көшірмелері (тестілеуден кейін балдарды өздігінен санауға арналған арнайы бланкілер) таратылады.

44. Жауап параптының қызметтік секторлары толтырылған соң түсушілерге пәндер бойынша тест тапсырмалары бар кітапшалар таратылады.

Қысқартылған оқу мерзімі көзделген білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге кітапшалар осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нұсқаларды тарату парагына сәйкес таратылады.

45. ҰБТ-ның жауап парагы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келесі тәртіппен толтырылады:

- 1) 1-секторда түсушінің Т.А.Ә. (болған жағдайда) жазылады;
- 2) 2-секторда жоғарғы торкөздерге көлденеңінен түсушінің рұқсаттамасында көрсетілген тестіленушінің жеке коды (бұдан әрі - ТЖК) жазылады. Әр санның астындағы торкөздегі сандарға сәйкес дөңгелекшелер боялады;
- 3) 3 және 4-секторларда тестілеу тапсыру кезінде түсушінің отыратын орны және кітапшасының нұсқасы боялады;
- 4) 5-секторда түсүші ҰБТ тапсыратын лек пен аудитория нөмірі қойылады. Лек нөмірі тестілеу болатын құн бойынша анықталады;
- 5) 6-сектор шығармашылық емтихан тапсыратын түсушілерге арналған;
- 6) 7, 8 және 9-секторларда Қазақстан тарихы, Оқу сауаттылығы және Математикалық сауаттылық пәндері бойынша тапсырмалардың жауаптары боялады.
- 7, 8 және 9-секторлардағы әр тест тапсырмасы берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауды талап етеді. Таңдалған жауап сол пәннің секторында сәйкес дөңгелекшени толық бояу арқылы белгіленеді;
- 7) 10 және 11-секторларда 2 бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады;
- 10 және 11-секторларда 1-25 аралығындағы тест тапсырмаларында берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау талап етіледі. Таңдалған жауап сол пәннің секторында сәйкес дөңгелекшени толық бояу арқылы белгіленеді; 26-35 аралығындағы тест тапсырмалары дөңгелекшелерді толық бояу арқылы бір немесе бірнеше дұрыс жауапты (3-тен артық емес) таңдауды талап етеді;
- 8) 12-сектор (жауап парагының нөмірі көрсетіледі) боялмайды;
- 9) "Назар аударыңыз" бағанына аса көніл бөлінеді:
жауап парагы көк немесе қара түсті қаламмен толтырылады;
- жауап парагын былғауға, умаждауға, жыртуға және корректор сұйықтықтарын пайдалануға, жауап парагын тестілеу аяқталғанға дейін аудиториядан шығаруға жол берілмейді;
- 10) түсүші жауап парагының тәменгі он жақ бұрышындағы "Түсушінің қолы" деген 13-секторға қолын қояды.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

46. Қысқартылған оқу мерзімі көзделген білім беру бағдарламалары бойынша окуға түсушілер үшін жауап парагы осы Қағидаларға 15-қосымшага сәйкес нысан бойынша келесі тәртіппен толтырылады:

- 1) 1-секторда түсушінің Т.А.Ә. (болған жағдайда) жазылады;
- 2) 2-секторда жоғарғы торкөздерге көлденеңінен түсушінің рұқсаттамасында көрсетілген ТЖК жазылады. Әр санның астындағы торкөздегі сандарға сәйкес дөңгелекшелер боялады;
- 3) 3 және 4-секторларда тестілеу тапсыру кезінде түсушінің отыратын орны және кітапшасының нұсқасы боялады.
- 4) 5-секторда түсүші ҰБТ тапсыратын лек пен аудитория нөмірі қойылады. Лек нөмірі тестілеу болатын құн бойынша анықталады.
- 5) 6-секторда жалпы кәсіптік пән бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады;

6-сектордағы әр тест тапсырмасы берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауды талап етеді. Таңдалған жауап сол пәннің секторында сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгіленеді;

- 6) 7-секторда арнайы пән бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады.
- 1-20 аралығындағы тест тапсырмалары берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауды талап етеді, жауап сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгіленеді;
- 21-30 аралығындағы тест тапсырмалары дөңгелекшелерді толық бояу арқылы бір немесе бірнеше дұрыс жауапты (3-тен артық емес) таңдауды талап етеді; 31-40 аралығындағы жағдаяттық тест тапсырмалары сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы бір дұрыс жауапты таңдау арқылы белгіленеді;
- 7) 8-сектор боялмайды (жауап парагының нөмірі көрсетіледі);
- 8) "Назар аударының" бағанына аса көніл бөлінеді:
жауап парагы көк немесе қара түсті қаламмен толтырылады;
жауап парагын былғауға, умаждауға, жыртуға және корректор сұйықтықтарын пайдалануға, жауап парагын тестілеу аяқталғанға дейін аудиториядан шығаруға жол берілмейді;
- 9) түсүші жауап парагының төменгі оң жақ бұрышындағы "Түсушінің қолы" деген 9-секторға қолын қояды.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

47. Бейіндік пәндерді таңдауды қоса алғанда жауап парагы секторларының дұрыс толтырылуын түсүші өзі қамтамасыз етеді.
48. Жауап парагы бір данада беріледі және түсушінің тестілеу нәтижесін растайтын жалғыз құжат болып табылады. Жауап парагы ауыстырылмайды.

49. Тұсуші кітапшадағы нұсқа нөмірін жауап паралына (4-сектор) көшіріп жазады және кітапшаның мүқабасын толтырады. Нұсқаның төртінші саны тұсушілердің (қысқартылған оқу мерзімі көзделген білім беру бағдарламалары бойынша оқуға тұсушілерден басқа) кітапша мүқабасындағы матрицаның көмегімен анықталады және оны тестілеу администраторы тестілеу аяқталуына 20 минут қалғанда хабарлайды.

50. Тұсушілер жауап параларының қызметтік секторларын және кітапшаның мүқабасын толтырған соң тақтада ҰБТ-ның басталу және аяқталу уақыты жазылады. Тұсушілерді аудиторияға кіргізу ҰБТ-ның басталғандығы хабарланған сэтте тоқтатылады.

51. ҰБТ-ны өткізу барысында тұсушіге рұқсат етілмейді:

аудиториядан дәліз кезекшісінің міндетін атқаратын тестілеу администраторының, рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;

сөйлесуге;

орын ауыстыруға;

тестілеу материалдарымен алмасуға;

тестілеу материалдарын және жауап паралының көшірмесін аудиториядан шығаруға

;

ғимаратқа және аудиторияға оқу-әдістемелік әдебиеттерді, калькулятор, фотоаппарат, ақпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған кез келген ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), ноутбуки, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), радио-электрондық байланыстың барлық түрлері, оның ішінде (Wi-Fi (Вай-фай), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект), 3G (3 Дж), 4G (4 Дж), 5G (5 Дж), смарт сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар және тағы басқалар), шпаргалкаларды алып кіруіне және қолдануына;

тестілеу материалдарын (жауап паралы мен кітапшалар) умаждауға, корректор сүйкіткішін қолдануға, беттерді жыртуға;

жауап паралының бояуға қарастырылмаған секторларын бояу (жауап паралының нөмірі) арқылы бұлдіруге;

тестілеу алдында және тестілеу кезінде шулауға;

қауіпсіздік жүйесін әдейі бұлдіруіне.

Бұл ретте аудиториядағы калькуляторларды пайдалануға жол беріледі.

52. Тұсуші осы Қағидалардың 51-тармағын бұзған жағдайда, тестілеу администраторы осы Қағидаларға 16-қосымшага сәйкес нысан бойынша Аудиторияда тыйым салынған заттың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған тұсушіні аудиториядан шығару туралы акт жасалады.

Тұсуші осы тестілеуге жіберілмейді.

53. Тестілеу өткізу барысында рұқсаттама мен рұқсаттама түбіртегін қайта салыстыру кезінде бөгде тұлға анықталған жағдайда, тестілеу администраторы осы

Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тестілеу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды.

Тестілеу барысында өз орнына "бөтен тұлғаны" кіргізген түсушілерге ағымдағы жылы ҰБТ тапсыруға рұқсат етілмейді.

54. ҰБТ-ға берілген уақыт аяқталғанда түсуші тестілеу материалдарын өндөу үшін тапсырудан бас тартқан жағдайда, тестілеу администраторы осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тестілеуге берілген уақыт аяқталған кезде түсушінің тестілеу материалдарын уақытында тапсырмау фактісі туралы акт жасайды.

55. 52, 53 және 54-тармақтардағы көрсетілген тұлғалардың тестілеу нәтижелері өндөлмейді және жойылады.

56. Тестілеудің аяқталуына қарай немесе тестілеу уақыты аяқталғанда түсуші өзінің орнынан жауап парагы мен кітапшаны тестілеу администраторы тапсырады.

57. Жауап парагы мен кітапшаны қабылдау барысында тестілеу администраторы жауап парагындағы барлық қызметтік секторлардың және кітапша мұқабасының толтырылуын тексергеннен кейін түсуші аудиториядан шығады.

58. Тестілеу администраторы тестілеу материалдарын қорапқа салады және 5 түсушінің алып жүруімен тестілеу материалдарын тестілеу нәтижелері өндөлетін кабинетке жеткізеді.

59. Жауап параптеры сканерленуді программист аудиториялар бойынша екі рет жүргізеді.

60. Жауап параптеры сканерленген соң телекоммуникациялық желі арқылы дұрыс жауаптар кодтары файлы жіберіледі.

61. Дұрыс жауаптар кодтары екі данада басып шығарылады: біреуі жалпы шолу үшін ілінеді, екіншісі апелляциялық комиссия үшін беріледі.

62. ҰБТ нәтижелерін тестілеу өткізу күні мемлекеттік комиссия хабарлайды және ақпараттық стенде ілінеді, сондай-ақ тестілеу нәтижелерімен www.testcenter.kz сайтында танысуға болады.

63. ҰБТ аяқталғаннан кейін және апелляция рәсімі өткізілген соң қолданылған кітапшаларға осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰБТ кітапшаларын жою туралы акт жасалады.

3-параграф. Қағаз форматтағы ҰБТ-да апелляцияға өтініш беру және қарau тәртібі

Ескеरту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

64. Тестілеу өткізу кезінде бірыңғай талаптарды сақтау және түсушілердің даулы мәселелерін шешу мақсатында Республикалық апелляциялық комиссия және ҰБТӨП-те және базалық ЖЖОКБҰ-да апелляциялық комиссия құрылады.

65. Респубикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын, ҰБТӨП пен базалық ЖЖОКБҰ-дағы апелляциялық комиссияның төрағасын ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілдегі орган бекітеді.

ҰБТӨП пен базалық ЖЖОКБҰ-дағы апелляциялық комиссияның құрамын мемлекеттік комиссия төрағасы бекітеді.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Апелляциялық комиссияның құрамы тестілеу пәндері бойынша негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру үйімдарының педагог қызметкерлерінен қалыптасады. ҰБТ кезінде бір тестілеу пәні бойынша педагог қызметкерлердің саны – екіден кем емес.

67. ҰБТӨП пен базалық ЖЖОКБҰ-дағы апелляциялық комиссия тұсушілерден тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептер бойынша тұскен өтініштерді қабылдайды және қарастырады.

68. Тұсуші тест тапсырмаларының мазмұны немесе техникалық себептер бойынша тестілеу нәтижесімен келіспеген жағдайда, осы Қағидаларға 20, 21, 22 және 23-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша апелляциялық комиссия төрағасының атына өтініш береді. Тұсушінің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты, тестілеуге рұқсаттамасы болуы керек. Апелляциялық комиссия тұсушінің әрқайсысымен жеке жұмыс жасайды.

Апелляция мынадай жағдайларда қарастырылады:

тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмесе (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);

2) дұрыс жауап болмаса;

3) берілген барлық жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірден көп дұрыс жауап болса (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

4) тест тапсырмасы дұрыс құрылмаса;

5) тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) табылмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда;

техникалық себеп бойынша:

1) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер екі және одан көп дөңгелекше ретінде оқыса;

2) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер бос дөңгелекше ретінде оқыса;

3) жауап парагында ақау болғанда.

Апелляция өтініштері ҰБТ нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия (республикалық апелляциялық комиссия) күнтізбелік бір күн ішінде қарастырады. Тұсуші апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініш қарастырылмайды.

Тестілеу нәтижелері бойынша апелляция өтініштерінің барлығы осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апелляцияға арналған өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.

69. Апелляцияға арналған өтініште көрсетілген нақты фактілер қарастырылуға жатады. Апелляция кезінде апелляциялық комиссияға тұсуші көрсеткен пәнді және нұсқаны ауыстыруға рұқсат етілмейді.

Барлық тест тапсырмаларын қайта қарастыру бойынша апелляцияға арналған өтініште әрбір тест тапсырмасы бойынша дәлелді негізdemenі көрсетпей (тольғы түсіндірме, тапсырманың толық шешімі) берілсе, қарастыруға жатпайды.

Тұсуші балл алған тест тапсырмасына апелляцияға өтініш берген жағдайда, сәйкесінше оған балл қосылмайды.

Өтініштер бойынша шешім апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылған осы Қағидаларға 25 және 26-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ҰБТ апелляциялық комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді.

70. ҰБТӨП пен базалық ЖЖОКБҰ-дағы апелляциялық комиссия өтінішті оң шешкен жағдайда, өтініш Республикалық апелляциялық комиссияның қарауына жіберіледі.

71. ҰБТӨП пен базалық ЖЖОКБҰ-дағы апелляциялық комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, тұсуші Республикалық комиссияға өтініш береді.

72. Апелляциялық комиссия төрағасы апелляцияға берілген барлық өтініштер бойынша осы Қағидаларға 27-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініштер тізілімін (тест тапсырмаларының мазмұны/техникалық себептер бойынша) толтырады.

ҰБТӨП пен базалық ЖЖОКБҰ-дағы апелляциялық комиссияның оң шешімін алған өтініштер бойынша Республикалық апелляциялық комиссияның қарауына жіберген өтініштер бойынша осы Қағидаларға 28-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініштер тізілімі қалыптастырылады.

73. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссияның оң шешімі туралы ұсыныстардың негізділігін қарастырып, шешім шығарады.

Респубикалық апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Өтінімді қайта берген кезде респубикалық апелляциялық комиссияның шешімі қайта қарауға жатпайды.

Респубикалық апелляциялық комиссияның шешімі төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылған осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

ҰБТӨП пен базалық ЖЖОКБҰ-дағы апелляциялық комиссия түсушіге апелляция қорытындысы туралы хабарлайды.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.02.2022 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Электрондық форматтағы ҰБТ-ны өткізу рәсімі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Электрондық форматтағы ҰБТ-та құжаттар қабылдау және оны өткізу процесі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Электрондық форматтағы ҰБТ-та құжаттар қабылдау және оны өткізу онлайн режимде осы Қағидаларға 3-қосымшаға немесе № 502 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгіге сәйкес мынадай кезеңдерде жүзеге асырылады:

1) құнтізбелік жылғы 20 желтоқсан мен 30 желтоқсан аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін, бұл ретте түсушілерге көрсетілген кезеңде 1 (бір) реттен артық емес өтініш беруге мүмкіндік беріледі;

2) құнтізбелік жылғы 15 ақпан мен 25 ақпан аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін, бұл ретте түсушілерге көрсетілген кезеңде 1 (бір) реттен артық емес өтініш беруге мүмкіндік беріледі;

3) құнтізбелік жылғы 10 сәуір мен 25 сәуір аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін, бұл ретте түсушілерге көрсетілген кезеңде 2 (екі) реттен артық емес өтініш беруге мүмкіндік беріледі;

4) күнтізбелік жылғы 25 шілде мен 5 тамыз аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 2), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін, бұл ретте түсушілерге көрсетілген кезеңде 1 (бір) реттен артық емес өтініш беруге мүмкіндік беріледі.

Электрондық форматтағы ҰБТ-ға қатысу үшін онлайн режимде өтініш беру кезінде түсуші тестілеу күнін және уақытын, ҰБТӨП-ті таңдай алады.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74-1. Электрондық форматтағы ҰБТ мынадай мерзімдерде өткізіледі:

1) күнтізбелік жылғы 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін ҰБТ тапсыруға мүмкіндік беріледі;

2) күнтізбелік жылғы 1 наурыз бен 6 сәуір аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 1), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін ҰБТ тапсыруға мүмкіндік беріледі;

3) күнтізбелік жылғы 10 мамыр мен 10 шілде аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін (бұл ретте ҰБТ нәтижесі республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін жарамды);

4) күнтізбелік жылғы 10-20 тамыз аралығында осы Қағидалардың 3-тармағының 2), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін ҰБТ-ны тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Күнтізбелік жылғы 10 мамыр мен 10 шілде аралығында ҰБТ тапсыратын тұлғалар үшін бейіндік пәндер комбинациясын өзгертуге жол берілмейді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік оку орындары және (немесе) экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы және/немесе БРИКС елдерінің топ-250 халықаралық академиялық рейтингтеріне (Quacquarelli Symonds, Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education) және/немесе топ-100 Ұлттық рейтингтеріне кіретін олардың филиалдары үшін осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мерзімдерде өткізілген ҰБТ нәтижелері республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін жарамды болады.

Ескерту. Қағида 74-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 03.07.2025 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа

енгізіледі және 01.07.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бүйрықтарымен.

74-2. Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, оның ішінде карантин, төтенше жағдай енгізілген, жаһандық немесе өңірлік, сондай-ақ жергілікті ауқымдағы әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар (одан әрі - шектеу іс-шаралары) туындаған кезде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган өтініштерді қабылдау және ҰБТ өткізу мерзімдеріне өзгеріс енгізеді.

Шектеу іс-шаралары кезінде Осы Қағиданың 74-1 тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мерзімде жүргізілген ҰБТ-де төмен нәтижелер алған жағдайда республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсында түсушінің қалауы бойынша осы Қағиданың 74-1 тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген мерзімдерде жүргізілген ҰБТ-дің ең жақсы нәтижесі ескеріледі.

Бұл ретте түсуші 74-1 тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мерзімдегі ҰБТ қатысуы қажет.

Ескерту. Қағида 74-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.06.2024 № 318 (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

75. ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде оқуға түсушілер ҰБТӨП ғимаратына бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте оқуға түсушінің жеке басын көлемді-кеңістіктік нысандағы сканер арқылы сәйкестендіру жүргізіледі және жеке басын растайтын құжат немесе түсушінің цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты ұсынылады. Он алты жасқа толмағандар осы Қағидаларға 7-1-қосымшага сәйкес нысан бойынша орта білім беру ұйымын ағымдағы жылы аяқтайтыны туралы анықтама береді.

Тестілеуге кіргізу кезінде қолды және рамалық типтегі металл іздегіштер қолданылады. Тестілеуге кіргізу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеуді өткізу кезінде түсушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың ҰБТӨП ғимаратына мынадай тыйым салынған заттарын: фотоаппарат, ақпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған кез келген ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбутер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, смарт көзілдірік, фитнес білезіктер (трекерлер), диктофон, сымды және сымсыз құлаққаптар, микроқұлаққаптар, микрофондар, сымсыз бейнекамераларды, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларды, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерді, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ мынадай стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Дж), 4G (4 Дж), 5G (5 Дж), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кірмеу үшін жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, мынадай заттарды ҰБТӨП ғимаратына кіргізуге тыйым салынады: шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, барлық түрдегі және нысандағы қағаздар.

Тестілеуге жіберу барысында металл іздегішпен тексеру жүргізу кезінде осы тармақта көрсетілген тыйым салынған заттар анықталған жағдайда, тестілеу әкімшілері осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰБТӨП ғимаратына кіреберісте тестілеуге тыйым салынған зат табылғаны туралы және түсушіні ғимараттан шығару туралы акт (электрондық формат) жасайды және түсуші осы тестілеуге жіберілмейді.

Тестілеуге кіргізу барысында бөгде адам анықталған жағдайда тестілеу әкімшісі осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуге кіргізу барысында бөгде тұлғаның анықталғаны туралы акт жасайды, оқуға түсуші ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.

Ұлттық тестілеу орталығы түсушіні сайттағы жеке кабинеті арқылы тестілеуге жіберілмейтіні туралы қосымша хабардар етеді.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

76. Тестілеу администраторы түсушіні аудиторияға (компьютерлік сынып) бір-бірден кіргізеді.

Осы Қағидаларға 32-1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсуші аудиторияда отырғызу орнына сәйкес орынға жайғасады.

Тестілеуді өткізу кезінде аудиторияның (компьютерлік сыныптың) ауданына байланысты бейнебақылаулар және рұқсат етілген магниттік толқындар шегінде ұтқыр және радиоэлектрондық байланыс сигналдарын басатын құрылғылар пайдаланылады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

77. Тестілеу басталғанға дейін тестілеу администраторы тестілеу кезінде түсушілерге мінез-құлық ережелері бойынша нұсқаулық өткізеді. Компьютер интерфейсінде тестілеу кезіндегі мінез-құлық ережелері және тестілеу тәртібі туралы нұсқаулық шығады. Түсуші тестілеуді өткізу қағидаларымен және тестілеуді өткізу тәртібімен танысқандығын растайды.

Тестілеу басталған сәттен бастап барлық сұрақтар мен түсініктемелер тоқтатылады. Тест тапсырмаларын орындауға бөлінген уақыт түсініктеме аяқталғаннан кейін есептеледі.

Пайдалану үшін әрбір тестіленушіге А4 форматындағы үш парақ беріледі.

78. Тестілеуді бастау үшін түсушіге:

тестілеу жүйесіне кіру үшін компьютер экранындағы өрісте логині мен паролін көрсету немесе жеке сәйкестендіру нөмірін енгізу (бұдан әрі – ЖСН) және

компьютерде орнатылған фронтальды камера арқылы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялаудан өту;

"ҰБТ тестілеу" интерфейсін ашу;

тестілеу тапсыру тілін таңдау, бұл ретте тестілеу басталғаннан кейін тестілеуді тапсыру тілі өзгермейді;

бейіндік пәндер комбинациясын таңдау және таңдау дұрыстығын растау;

ҰБТ тапсыруға кірісу.

Тұсуші тестілеу жүйесіне әрбір кіру және шығу кезінде, сондай-ақ тестілеу аяқталғаннан кейін компьютерде орнатылған фронтальды камера арқылы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялаудан өтеді.

ҰБТ өткізу пунктінде электр қуаты ажыратылған жағдайда немесе тестілеу жазбасы жүргізілмейтін басқа да форс-мажорлық жағдайларда, Ұлттық тестілеу орталығының келісімен тестілеу әкімшісі мен аймақтық мемлекеттік комиссия осы Қағидаларға 32-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт жасай отырып, тестілеу процесін тоқтатады (кушін жояды) және басқа күнге ауыстырады.

Тестілеу процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт тестілеу әкімшісімен және аймақтық мемлекеттік комиссиямен бірлесіп жасалады.

Тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауы болған жағдайда тұсуші тестілеу әкімшісіне хабарлау қажет.

Тестілеу әкімшісі бақылаушылармен бірлесіп (бар болған жағдайда) осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауын анықтау актісін жасайды.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. ҰБТ ұзақтығы - 240 минут (4 сағат).

Тестілеудің 60 минуты өткеннен кейін жаттығуларға арналған 2 минут көлемінде үзіліс жүзеге асырылады.

120 минут тестілеу аяқталғаннан кейін жаттығуларға арналған 3 минут көлемінде үзіліс беріледі.

180 минут тестілеу аяқталғаннан кейін 3 минут көлемінде үзіліс беріледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына тұсушілер үшін тестілеу ұзақтығы – 70 минут.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары топтары бойынша даярлаудың ұқсас бағыттарына түсетін адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін тестілеудің ұзақтығы – 150 минут (2 сағат 30 минут).

Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсуші Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін тестілеудің ұзақтығы – 20 минут.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша ЖЖОКБҰ – ның білім алушылары және басқа білім беру бағдарламалары топтарына ауысқысы келетіндер үшін тестілеу ұзақтығы-130 минут.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ-ға 120 минут (2 сағат) бөлінеді.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас даярлау бағыттары бойынша түсушілер үшін-80 минут.

Мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) үшін тестілеуге қосымша 40 минут уақыт беріледі.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 28.06.2024 № 318 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Электрондық форматтағы ҰБТ-ны өткізу барысында түсушіге академиялық адалдық принциптерін бұзуға, оның ішінде:

аудиториядан (компьютерлік сыныптан) тестілеу әкімшісінің рұқсатынсыз 10 минуттан артық шығуға;

Бұл ретте төтенше, форс-мажорлық жағдайларды және/немесе түсушілердің денсаулығына байланысты жағдайларды қоспағанда, тестілеудің бірінші және соңғы сағаттарында шығуға;

сөйлесуге, орын ауыстыруға;

құжаттармен, кез келген тыйым салынған заттармен және түсушіге жұмыс үшін берілген А4 форматындағы параграфмен алмасуға;

тестілеу материалдарын, құжаттарды және тест тапсырмаларымен жұмыс үшін берілген А4 форматындағы параптасы аудиториядан (компьютерлік сыныптан) алып шығуға, бұлдіруге;

ҰБТӨП ғимаратына, аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) Қағидалардың 75-тармағында көрсетілген тыйым салынған заттарды алып кіруіне және/немесе қолдануына;

тестілеу алдында немесе тестілеу кезінде шулауға;

тестілеу тапсырмаларының мазмұнын талқылауға және жария етуге;

тестілеуге пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;

тестілеу жүйесіне араласуға және тестілеуден өтүге байланысты өзге де бұзушылықтарға рұқсат берілмейді.

Тестілеу өткізілетін компьютердің интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі.

Осы Қағидалардың 74-1 тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мерзімде ҰБТ тапсыратын тұлғаларға Менделеев кестесі мен тұздардың ерігіштігі кестесі қосымша қағаз нұсқада беріледі.

Тұсуші аудиториядан шыққан жағдайда аудиторияға қайта кірген кезде металл іздегішпен тексеріліп кіргізіледі.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Тұсуші осы Қағидалардың 80-тармағын бұзған жағдайда, тестілеу әкімшісі бақылаушылармен (бар болған жағдайда) бірлесіп, ҰБТӨП-те, аудиторияда тыбым салынған заттың анықталғаны және тестілеу кезіндегі тәртіп сактау ережесін бұзғаны және (немесе) әрекеттері немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті үшін тұсушіні аудиториядан, ҰБТӨП-тен шығару туралы актіні осы Қағидаларға 34-қосымشاға сәйкес нысан бойынша жасайды және тестілеудің барлық кезеңдерінде, оның ішінде тестілеуді аяқтағандардың да тестілеу нәтижелері жойылады.

Ұлттық тестілеу орталығы тұсушіні сайттағы жеке кабинеті арқылы тестілеу нәтижесінің жойылғандығы туралы қосымша хабардар етеді.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81-1. Тестілеуді өткізу кезінде туындаған Ұлттық тестілеу орталығында форс-мажорлық жағдайлар, тұсушілердің аудиториядағы тәртіп сактау ережелерін (электрондық формат) сақтамауы және (немесе) тестілеуден өту кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарау және/немесе тіркеу файлдарын (логтарды) тексергеннен кейін тестілеу жүйесіне араласу әрекеті бұзушылықтары бойынша шешім қабылдау үшін комиссия құрылады.

Тұсушілер тарапынан бұзушылықтар анықталған жағдайда комиссия осы Қағидаларға 35-1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасай отырып ҰБТ нәтижелерін жояды.

Ескерту. Қағида 81-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Тестілеу өткізу барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда, тестілеу администраторы бақылаушылармен (бар болған жағдайда) бірлесіп осы Қағидаларға 35 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тестілеу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт (электрондық формат) жасайды.

Тестілеу барысында өз орнына "бөтен тұлғаны" кіргізген тұсушілерге ағымдағы жылы ҰБТ тапсыруға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.04.2023 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

83. ҰБТ өткізу үшін жергілікті жерлерде Ұлттық тестілеу орталығымен бекітілетін ҰБТ ұйымдастыру жөніндегі аймақтық мемлекеттік комиссиялар (бұдан әрі – аймақтық мемлекеттік комиссиялар) құрылады.

Аймақтық мемлекеттік комиссияның төрағасы болып жоғары оқу орындарының басшылары немесе қалалық, аудандық білім бөлімдерінің (басқармаларының) басшылары тағайындалады.

Аймақтық мемлекеттік комиссияның құрамына облыстар немесе республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің өкілдері, құқық қорғау органдарының өкілдері кіреді.

Бұл ретте аймақтық мемлекеттік комиссия құрамына күнтізбелік жылы жақын туыстыры Кодекспен белгіленген ҰБТ тапсыратын адамдардың туыстары кірмейді.

Аймақтық мемлекеттік комиссия мүшелерінің саны бес адамды құрайды.

Аймақтық мемлекеттік комиссия:

1) тестілеуге кіргізу, сондай-ақ тестілеуді өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуді;

2) ҰБТ өткізу кезінде медициналық қызметкерлермен және психологпен жұмысты;

3) көру қабілеті, тірек-қозғалыс аппаратының функциялары бұзылған мүгедектігі бар адамдар және мүгедектігі бар балалар үшін мүгедектігі туралы белгіленген құжатты көрсеткен жағдайда ҰБТ шеңберінде тапсырылатын пән мұғалімі болып табылмайтын немесе ындау тілін менгерген маман беруді;

4) тестілеу әкімшісімен бірлесіп электр қуаты ажыратылған немесе нәтижесінде тестілеу жазбасы жүргізілмейтін басқа да форс-мажорлық жағдайларда тестілеу процесін тоқтата түру және ауыстыру туралы акт жасауды ұйымдастырады.

Бұл ретте аймақтық мемлекеттік комиссия төрағасы мен мүшелері тестілеу өткізу барысына қатыса алмайды.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

84. ҰБТ тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

85. Қысқартылған оқу мерзімі көзделген білім беру бағдарламалары бойынша окуға түсушілер үшін ҰБТ тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау осы Қағидалардың 19 -тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

86. Осы Қағидалардың 81 және 82-тармақтарында көрсетілген тұлғалардың тестілеу нәтижелері өндөлмейді және жойылуға жатады. Электр қуаты ажыратылған жағдайда, тестіленушінің жұмыс орнында тестілеу процесі туралы деректер (тест тапсырмаларына бұрын белгіленген жауаптар, тестілеудің пайдаланылған уақытының саны) сақталады. Тестілеуді одан әрі жалғастырған кезде тестіленуші тестілеу процесі үзілген жерден тестілеу процесін жалғастырады.

Тестілеуді басқа күнге ауыстырған жағдайда тестіленушінің тестілеу тоқтатылғанға дейінгі тест тапсырмаларына бұрын белгіленген жауаптары сақталмайды.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.02.2022 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

87. Түсушілер ұлттық бірыңғай тестілеуді Ұлттық тестілеу орталығының дайындаған бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен тестілеу тапсырылады.

Ескерту. 87-тармақта орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 01.04.2025 № 156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

88. ҰБТ нәтижелері тестілеу аяқталғаннан кейін беріледі, сондай-ақ тестілеу нәтижелері www.testcenter.kz сайтында жарияланады.

89. ҰБТӨП-ке кіруге арналған есіктер бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте өткізу барысы, сонымен қатар тестілеуден кейінгі пайдаланылған кітапшалар сақталған бөлменің бейнебақылау жазбасы ҰБТ аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Ұлттық тестілеу орталығының мұрағатына тапсырылады.

Электрондық форматтағы ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылғы 31 қазанға дейін Ұлттық тестілеу орталығы тестілеу кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеруді жүргізеді.

ҰБТ өткізу кезінде өтініш берушінің тыйым салынған заттарды пайдаланғаны және (немесе) осы Қағидаларға 75 және 80-тармақтарда көрсетілген әрекеттері анықталған кезде Ұлттық тестілеу орталығы Аудиторияда тыйым салынған зат пайдаланған және тестілеу кезіндегі тәртіп сақтау ережесін бұзған (электрондық формат) және (немесе) әрекеттері немесе тестілеу жүйесіне араласу немесе әрекеттер жасаған тестіленушіні анықтау осы Қағидаларға 35-1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасалады. Тестілеу нәтижесін Ұлттық тестілеу орталығының комиссия шешімі арқылы жою туралы және растайтын материалдарымен бірге ғылым және жоғары білім саласындағы үәкілетті органға ұсынылады.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның комиссия шешімімен тестілеу нәтижелері (ҰБТ балдары), сондай-ақ республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беруге арналған конкурстың нәтижелері (білім беру грантын беру туралы қуәлік) білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен, жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беруге арналған конкурстың нәтижелері жергілікті атқарушы органның қаулысымен күнтізбелік жыл бойына нәтижелері жойылады.

Тестілеу нәтижелері (ҰБТ балдары) және (немесе) білім беру грантын беру туралы қуәлікті жойылғаннан кейін Ұлттық тестілеу орталығы тұсушилерге жеке кабинеті арқылы хабарлама жібереді.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Электрондық форматтағы ҰБТ-да апелляцияға өтініш беру және қарау тәртібі.

90. Электрондық форматта тестілеу өткізу кезінде тестілеу тапсырмаларын бағалауда бірыңғай критерийлердің сақталуын қамтамасыз ету және тестілеу өткізу кезінде тұсушилердің құқықтарын қорғау, даулы мәселелерін шешу мақсатында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады.

91. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 28.02.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

92. Республикалық апелляциялық комиссияның құрамы тестілеу пәндері бойынша орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру үйимдарының педагог қызметкерлерінен қалыптасады. ҰБТ кезінде бір тестілеу пәні бойынша педагог қызметкерлердің саны - екіден кем емес.

93. Тұсуші мазмұны бойынша апелляцияға өтінішті тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде береді.

Тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында тұсушиңің жауап нұсқасы көрсетілген тест нәтижелерін талдау картасы, сонымен қатар әр тапсырма бойынша алынған балл, блоктар бойынша жинаған балдардың қосындысы және ҰБТ-ның жалпы балы көрсетіледі.

Әрі қарай компьютер экранында "апелляцияға өту" және "апелляциясыз аяқтау" функциялары көрінеді. Егер "апелляцияға өту" функциясы таңдалса, тұсуші тест тапсырмаларына апелляцияға өтініш беруге дәлелді негіздемесімен өтеді.

